

PHILIPS

DAB+ радиосы

5000 Қатар

R5005

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2	7	Өнім туралы ақпарат	11
	Қауіпсіздік	2		Спецификациялар	11
2	FM/DAB радиосы	3	8	Ақаулықтарды жою	12
	Кіріспе	3			
	Қораптағы заттар	3			
	Негізгі құрылғыны шолу	4	9	Хабарландыру	13
3	Іске кірісу	5		Сәйкестік	13
	Радио антеннасын дайындау	5			
	Қуатты жалғау	5			
	Қосу	5			
	Дыбыс деңгейін реттеу	5			
	Күту режиміне ауысу	5			
4	DAB радиосын тыңдау	6			
	DAB радио станцияларына реттеу	6			
	DAB радио станцияларын сақтау	6			
	Алдын ала орнатылған DAB радио станциясын таңдау	7			
	DAB режимінде мәзірді қолдану	7			
	DAB ақпаратын көрсету	7			
5	FM радиосын тыңдау	8			
	FM радио станцияларына реттеу	8			
	FM радио станцияларын сақтау	8			
	Алдын ала орнатылған FM радио станциясын таңдау	8			
	FM режимінде мәзірді қолдану	9			
	FM ақпаратын көрсету	9			
6	Басқа мүмкіндіктер	10			
	Оятқыш таймерін орнату	10			
	Ұйқы таймерін орнату	10			

1 Маңызды

Қауіпсіздік



Ескерту

- Осы радионың корпусын алып тастауға болмайды.
- Осы радионың кез келген бөлігін майлауға болмайды.
- Осы радионы басқа электр жабдықтың үстіне қоюға болмайды.
- Осы радионы тікелей түсетін күн сәулелерінен, ашық жалыннан немесе қызудан аулақ ұстау керек.
- Радионы қуаттан ажырату үшін қуат кабелі, айыр немесе адаптер қолайлы орналасқанына көз жеткізіңіз

- Нұсқауларды оқып, оларды орындаңыз.
- Желдету үшін өнім айналасында орын жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсету мамандарына тапсыру қажет. Радиоға кез келген түрде зақым келгенде, мысалы қуат кабелі немесе айыр зақымдалғанда, радиоға сұйықтық төгілгенде немесе оның ішіне бір нәрсе түсіп кеткенде, радио жаңбыр астында қалғанда не оған ылғал әсер еткенде, дұрыс жұмыс істемегенде немесе жерге түсіп кеткенде, радиоға қызмет көрсету қажет болады.
- Өндіруші көрсеткен қосымшаларды/аксессуарларды ғана қолдануға болады.
- Пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген қуат көздерін ғана қолдануға болады.
- Күн күркіреген кезде немесе ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде, осы өнімді қуаттан ағытып қойыңыз.

- Өнімге сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Кез келген қауіп көздерін өнім үстіне қоймаңыз (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жанып тұрған шамдар).
- Тікелей жалғау адаптерінің айыры ажырату құрылғысы ретінде қолданылған жағдайда, ажырату құрылғысын қолданылуға дайын тұруы тиіс.
- Осы жабдықты су маңында қолдануға болмайды
- Өндіруші нұсқауларына сәйкес орнату керек.
- Жылытқыштар, жылыту регистрлері, пештер немесе жылу шығаратын басқа жабдықтар (оның ішінде күшейткіштер) сияқты кез келген жылу көздерінің жанына орнатуға болмайды.

2 FM/DAB радиосы

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы радиомен мыналарды істеуге болады:



- FM және Цифрлық аудио тарату (DAB) радиосын тыңдау.
- Уақытты біліп отыру.
- Екі оятқышты орнату.

Қораптағы заттар

Қаптамадағы заттарды тексеріп, оларды анықтаңыз:

- FM/DAB радиосы
- Қуат адаптері
- Қысқаша нұсқаулық
- Қауіпсіздік және кепілдік кітапшасы

Радиосағатты шолу



① Оятқыш

- Оятқышты орнату.
- Оятқыш таймерін іске қосу немесе өшіру.

② SOURCE

- Сигнал көзін таңдау: DAB немесе FM радиосы.

③

- Радионы қосу.
- Күту режиміне ауысу.

④ TUNING +/-

- FM станциясына реттелу.
- DAB станциялар тізімін шарлау.
- FM/DAB мәзірін шарлау.

⑤ Алдын ала орнатылған станциялар (1, 2, 3, 4)

- Алдын ала орнатылған 1-, 2-, 3- не 4-станцияны сақтау/оларға тікелей қол жеткізу.

⑥ VOLUME +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін басыңыз.

⑦ PRESET

- Радио станцияларын сақтау.
- Алдын ала орнатылған станцияларды көрсету және таңдау.

⑧ SCAN/SELECT

- Таңдауды растау үшін басыңыз.
- FM тюнері режимінде барлық станцияларды автоматты түрде сканерлеу үшін басып тұрыңыз.

⑨ КЕРІ ШЕГЕРУ

- Оятқышты кері шегеру.

⑩ zZ ҰЙҚЫ

- Ұйқы таймерін орнату.

⑪ Ақпарат/мәзір

- FM/DAB режимінде ақпаратты көрсету үшін басыңыз.
- Жұмыс режимінде жоғарғы мәзірге қол жеткізу үшін басып тұрыңыз.

⑫ ДИСПЛЕЙ ЭКРАНЫ

- Ағымдағы күйді көрсету.

⑬ Радио антеннасы

- Қабылданатын радио сигнал күшін жақсарту.

⑭ DC IN

- Бірге берілген қуат адаптеріне жалғау.

3 Іске кірісу

Осы тараудағы нұсқауларды әрдайым ретімен орындаңыз.

Радио антеннасын дайындау

Қабылданатын радио сигнал сапасы жоғары болуы үшін антеннаны толығымен созып, оның орнын реттеңіз.

Ескертпе

- Кедергілердің алдын алу үшін антеннаны кез келген басқа сәуленену көздерінен мүмкіндігінше алысырақ орналастырыңыз.


Қуатты жалғау

Сақ болыңыз

- Өнімге зақым келу қаупі бар! Қуат кернеуі радиосағаттың артында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі! АТ айырын ағытқан кезде, кабелін емес, айырды ұстап тартыңыз.

1 Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз:

- радиодағы **DC IN** ұясы және розетка.



Қосу

- <⏻> түймесін басыңыз.
 - ↳ Радио соңғы болып таңдалған сигнал көзіне ауысады.

Дыбыс деңгейін реттеу

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOLUME +/-** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Құту режиміне ауысу

- <⏻> түймесін қайта басыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі көмескіленеді.
 - ↳ Уақыт пен күн (орнатылған болса) көрсетіледі.

Ескертпе

- Жүйе 15 минут әрекетсіз тұрса, радио құту режиміне автоматты түрде ауысады.

4 DAB радиосын тыңдау

DAB радио станцияларына реттеу

DAB радио режимін алғаш рет таңдаған кезде немесе станциялар тізімі бос болған жағдайда, радио толық сканерлеуді автоматты түрде орындайды.

- **[DAB]** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ **[Scanning]** көрсетіледі.
 - ↳ Радио барлық DAB радио станцияларын автоматты түрде сканерлеп, сақтайды да, одан кейін бірінші қолжетімді станцияны ойната бастайды.
 - ↳ Станциялар тізімі радио жадында сақталады. Радионы келесі рет қосқан кезде, станциялар ізделмейді.

Қолжетімді станциялар тізіміндегі станцияға реттеу үшін:

- DAB режимінде **TUNING+/-** басып, қолжетімді DAB станцияларын шарлаңыз.



Ақыл-кеңес

- Станциялар кейде өзгеруі мүмкін. Станциялар тізімін жаңарту үшін **[Full scan]** (Толығымен сканерлеу) мәзірін таңдап, толық сканерлеуді орындаңыз.

DAB радио станцияларын сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 20 DAB радио станциясын сақтауға болады.

- 1 DAB режимінде DAB радио станциясына реттеңіз.
- 2 Екі секунд **PRESET** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Экранда **Preset store** хабары көрсетіледі.
- 3 Алдын ала орнатылған станция нөмірін таңдау үшін **TUNING+/-** басыңыз.
- 4 Растау үшін **<SCAN/SELECT>** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[Preset stored]** хабары көрсетіледі.
 - ↳ Станция таңдалған позицияға сақталады.



Ескертпе

- 2-қадамда 1, 2, 3 немесе 4 алдын ала орнатылған станция түймесін басып тұрып, ағымдағы станцияны тиісті позицияға тікелей сақтауға болады.
- Алдын ала орнатылған DAB радио станциясын өшіру үшін оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдын ала орнатылған DAB радио станциясын таңдау

DAB режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдаудың екі жолы бар.

A варианты:

- 1 Мына түймені басыңыз: **PRESET**.
↳ Экранда **Preset Recall** көрсетіледі.
- 2 Алдын ала орнатылған станция нөмірін таңдау үшін **TUNING+/-** басыңыз.
- 3 Растау үшін **<SCAN/SELECT>** түймесін басыңыз.

B варианты:

- 1-4 сан түймелерін тікелей басыңыз.

DAB ақпаратын көрсету

DAB радиосын тыңдап отырған кезде, мына ақпарат (қолжетімді болса) бойымен жылжу үшін **<D/≡>** түймесін қайта-қайта басыңыз:

- ↳ Радио режимі
- ↳ Ұйқы таймері
- ↳ Динамикалық белгі бөлігі (DLS)
- ↳ Сигнал күші
- ↳ Бағдарлама түрі (PTY)
- ↳ Топ атауы
- ↳ Жилік
- ↳ Сигнал қателерінің деңгейі
- ↳ Бит жылдамдығы және аудио күйі
- ↳ Уақыт
- ↳ Күн

DAB режимінде мәзірді қолдану

- 1 DAB режимінде DAB мәзіріне қол жеткізу үшін **<D/≡>** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Мәзір опцияларын айналдырып көру үшін **TUNING+/-** басыңыз:
 - **[Full scan]:** барлық қолжетімді DAB радио станцияларын сканерлеп, сақтау.
 - **[Manual tune]:** белгілі бір арнаға/жилікке қолмен реттеу және оны станциялар тізіміне қосу.
 - **[DRC]:** радио сигналдың динамикалық ауқымын ақырын дыбыстардың деңгейі көтеріліп, қатты дыбыстардың деңгейі төмендетілетіндей етіп сығымдау.
 - **[Prune]:** станциялар тізімінен барлық жарамсыз станцияларды өшіру.
 - **[Clock]:** уақытты/күнді орнату, 12/24 сағат режимін таңдау және уақыт синхронизациясын орнату.
 - **[Backlight]:** артқы жарық параметрлерін реттеу (3 опция: мерзімі шектеулі/белгілі бір деңгей/көмескілендіру деңгейі)
 - **[System]:** жүйелік параметрлерді реттеу:
 - **[Language]:** жүйе тілін орнату (ағылшын/неміс/итальян/француз/нидерланд/норвег)
 - **[Factory Reset]:** құрылғыны бастапқы қалпына келтіру.
 - **[SW version]:** бағдарламалық құрал нұсқасын көру.
- 3 Опцияны таңдау үшін **<SCAN/SELECT>** түймесін басыңыз.
- 4 Бір опция ішінде кез келген қосалқы опция қолжетімді болса, 2–3-қадамдарды қайталаңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін **<D/≡>** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешқандай түйме басылмаса, құрылғы мәзірден шығады.

5 FM радиосын тыңдау

FM радио станцияларына реттеу

- 1 [FM] режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - 2 Екі секунд **TUNING+/-** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Радио қабылданатын сигнал күші жоғары FM радио станциясына автоматты түрде реттеледі.
 - 3 Қосымша радио станцияларға реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
- Станцияға қолмен реттелу үшін:**
- FM тюнері режимінде жиілікті таңдау үшін **TUNING+/-** түймесін қайта-қайта басыңыз.

FM радио станцияларын сақтау

Ескертпе

- Ең көбі 20 FM радио станциясын сақтауға болады.

- 1 FM режимінде FM радио станциясына реттеңіз.
- 2 Екі секунд **PRESET** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Экранда **Preset store** хабары көрсетіледі.
- 3 Алдын ала орнатылған станция нөмірін таңдау үшін **TUNING+/-** басыңыз.
- 4 Растау үшін **< SCAN/ SELECT >** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[Preset stored]** хабары көрсетіледі.
 - ↳ Станция таңдалған позицияға сақталады.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау үшін

- Станцияларды қолмен сақтап отырудың орнына құрылғыға табылған станцияларды автоматты түрде сақтауға да мүмкіндік бере аласыз: Таратылып жатқан радио станцияларды автоматты түрде сканерлеу үшін **< SCAN/ SELECT >** түймесін басып тұрыңыз, автоматты түрде сканерлеуді тоқтату үшін оны қайта басыңыз.

Ескертпе

- 2-қадамда 1, 2, 3 немесе 4 алдын ала орнатылған станция түймесін басып тұрып, ағымдағы станцияны тиісті позицияға тікелей сақтауға болады.
- Алдын ала сақталған FM радио станциясын өшіру үшін оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдын ала орнатылған FM радио станциясын таңдау

FM режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдаудың екі жолы бар.

А варианты:

- 1 Мына түймені басыңыз: **PRESET**.
 - ↳ Экранда **Preset Recall** көрсетіледі.
- 2 Алдын ала орнатылған станция нөмірін таңдау үшін **TUNING+/-** басыңыз.
- 3 Растау үшін **< SCAN/ SELECT >** түймесін басыңыз.

В варианты:

- 1-4 сан түймелерін тікелей басыңыз.

FM режимінде мәзірді қолдану

- 1 FM режимінде FM мәзіріне қол жеткізу үшін $\langle \text{FM} / \text{Menu} \rangle$ түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Мәзір опцияларын айналдырып отырып көру үшін **TUNING+/-** басыңыз:
 - **[Scan setting]:** сканерлеу сезгіштігін таңдау (сигнал күші жоғары станциялар ғана немесе барлық станциялар)
 - **[Clock]:** уақытты/күнді орнату, 12/24 сағат режимін таңдау және уақыт синхронизациясын орнату
 - **[Backlight]:** артқы жарық параметрлерін реттеу (3 опция: мерзімі шектеулі/белгілі бір деңгей/көмескілендіру деңгейі)
 - **[System]:** жүйелік параметрлерді реттеу:
 - **[Language]:** жүйе тілін орнату (ағылшын/неміс/итальян/француз/нидерланд/норвег)
 - **[Factory Reset]:** құрылғыны бастапқы қалпына келтіру.
 - **[SW version]:** бағдарламалық құрал нұсқасын көру.
- 3 Опцияны таңдау үшін $\langle \text{SCAN} / \text{SELECT} \rangle$ түймесін басыңыз.
- 4 Бір опция ішінде кез келген қосалқы опция қолжетімді болса, 2–3-қадамдарды қайталаңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін $\langle \text{FM} / \text{Menu} \rangle$ түймесін басыңыз.



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешқандай түйме басылмаса, құрылғы мәзірден шығады.

FM ақпаратын көрсету

FM радиосын тыңдап отырған кезде, мына ақпарат (қолжетімді болса) бойымен жылжу үшін $\langle \text{FM} / \text{Menu} \rangle$ түймесін қайта-қайта басыңыз:

- ↳ Радио режимі
- ↳ Ұйқы таймері
- ↳ Радио мәтіндік хабарлары
- ↳ Бағдарлама түрі
- ↳ Аты
- ↳ Уақыт
- ↳ Күн

6 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Оятқышты орнату

- Өр түрлі уақытта шырылдайтын екі оятқышты орнатуға болады.

Ескертпе

- Сағат дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- 1 Күту режимі режимінде оятқыш мәзіріне қол жеткізу үшін $\langle \text{⏰} \rangle$ түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
- 2 1-оятқышты немесе 2-оятқышты таңдау үшін **TUNING +/-** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін $\langle \text{SCAN/SELECT} \rangle$ түймесін басыңыз.
- 4 Кез келге қосалқы опция қолжетімді болса (оятқыш уақыты, мерзімі, сигнал көзі, күндері, дыбыс деңгейі, қосу/өшіру), 2–3-қадамдарды қайталаңыз.


Оятқыш таймерін іске қосу/өшіру

- Оятқыш таймерін іске қосу немесе өшіру үшін $\langle \text{⏰} \rangle$ түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ Оятқыш таймері іске қосылса, **[AL1]** немесе **[AL2]** көрсетіледі.
- Оятқышты тоқтату үшін $\langle \text{⏰} \rangle$ түймесін басыңыз.
 - ↳ Оятқыш келесі күні қайта шырылдайды.

Оятқышты кері шегеру

- Оятқыш шырылдаған кезде, $\langle \text{⏰} \rangle$ түймесін басыңыз.
 - ↳ Оятқыш кері шегеріліп, тоғыз минуттан кейін қайта шырылдайды.

Ұйқы таймерін орнату



- 1 Таңдау: **[Sleep]** мәзірі.
- 2 Ұйқы таймерінің кезеңін (минутпен көрсетілген) таңдау үшін **TUNING +/-** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ Экранда **[Sleep OFF]** көрсетілген кезде, ұйқы таймері өшірілген болады.

7 Өнім туралы ақпарат

Спецификациялар

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуат	1 Вт RMS
Жиілік сипаттары	95–20000 Гц, ±3 дБ
Сигнал/шу арақатынасы	> 65 дБА

Тюнер

Реттеу ауқымы (FM)	87,5–108 МГц
Реттеу ауқымы (DAB)	174,928–239,2 МГц (III диапазон)

Динамик

Динамиктің номиналды кедергісі	4 Ом
Сезгіштік	86 ± 3 дБ/м/Вт

Жалпы ақпарат

АТ қуаты (қуат адаптері)	Бренд атауы: PHIPS
	Кіріс ток: 100-240V~, 50/60 Гц Шығыс ток: 5,0V === 0,5A
Жұмыс кезіндегі қуат тұтыну мөлшері	≤2,5 Вт
Күту режиміндегі қуат	≤1 Вт

Өлшемдері

Негізгі құрылғы (Е x Б x Т)	95x154,5x109,5 мм
-----------------------------	-------------------

Салмағы

Негізгі құрылғы	0,52 кг
-----------------	---------

8 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Осы құрылғының корпусын алып тастауға болмайды.

Кепілдік күшін сақтауы үшін жүйені өз қолыңызбен жөндеуге әрекет жасаушы болмаңыз.

Осы құрылғыны қолдану кезінде мәселелерге тап болсаңыз, қызмет көрсетуге тапсырыс бермес бұрын, төмендегі жағдайларды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе Philips веб бетіне кіріңіз (www.philips.com/support). Philips компаниясына хабарласқан кезде, құрылғыны жаныңызда тұрғанына және модель нөмірі мен сериялық нөмірін көре алатыныңызға көз жеткізіңіз.

Қуат жоқ

- Радионың АТ қуат айыры дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ немесе дыбыс сапасы нашар.

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Радио дыбысы өшірілмегенін немесе радио станция сигналы әлі буферленіп жатпағанын тексеріңіз.
- Радио антеннасын толығымен созып, оның орнын реттеңіз.
- Кедергілер болмауы үшін радионы басқа электрондық құрылғылардан аулақ ұстаңыз.

Радио жауап бермейді

- АТ қуат айырын ағытып, қайта жалғаңыз да, одан кейін радионы қайта қосыңыз.
- Радио күту режимінде тұрғанын тексеріңіз. Солай болса, радионы қосыңыз.

Қабылданатын радио сигнал күші нашар

- Кедергілер болмауы үшін радионы басқа электрондық құрылғылардан аулақ ұстаңыз.
- Радио антеннасын толығымен созып, оның орнын реттеңіз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыс орнатыңыз.

9 Хабарландыру

Осы құрылғыға MMD Hong Kong Holding Limited анық мақұлдамаған өзгертулерді енгізу салдарынан пайдаланушылар жабдықты пайдалану рұқсатының күшін жоюы мүмкін.

Сәйкестік



Осы құжатпен TP Vision Europe B.V компаниясы осы өнім мына директиваның негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді: **2014/53/EU**. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.philips.com/support

Қоршаған ортаны қорғау

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.



Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді.

Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.

Қайта зарядталмайтын батареяларды шығарып алу

Қайта зарядталмайтын батареяларды шығарып алу үшін батареяларды орнату бөлімін қараңыз.

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Қажетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз. Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал). Жүйеңіз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Сауда белгісіне қатысты хабарландыру



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді кез келген жерде лицензия бойынша қолданады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінің жеке меншігінде.



Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің көпілгері ретінде әрекет етеді.

